ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылдын 7 сәуір Іс № 5501-25-00-2/628 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің "№ 17 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«e-psychologist» жеке кәсіпкернің атынан Нұрдаулет Мақсатұлы Батырхан

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің "№ 17 жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «e-psychologist» жеке кәсіпкернің атынан Нұрдаулет Мақсатұлы Батырханға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«e-psychologist» жеке кәсіпкернің атынан Нұрдаулет Мақсатұлы Батырхан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«e-psychologist» жеке кәсіпкернің атынан Нұрдаулет Мақсатұлы Батырханнан мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 07.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Магзумов Е. Т., 15.05.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство